

Үлгі болар ұлысқа игі істер көп Шығыста

Қазақстан мен Ресей арасындағы VII өңіраралық ынтымақтастық форумы аясында 5-қыркүйек күні облыс орталығы Өскемен қаласына жұмыс сапарымен Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ келді.

«Балапан» қанат қақты

Мемлекет басшысын әуежайдан облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ қарсы алған соң құрметті қонақтар бөгелместен Ертістің сол жағалауын бетке алып, облыс орталығында өңір тарихында соңғы 15 жылда тұңғыш рет бой көтерген ауқымды да жайлы, сән-салтанаты жарасқан, 280 бүлдіршінге арналған «Балапан» балабақшасының ашылу салтанатына қатысты.

Тұңғыш деп бекерге айтып отырғанымыз жоқ. Өйткені, XXI ғасыр талаптарына сай келетін, 12 ойын алаңшасы, арнайы автомобиль тұрағы, жылы еден, бассейні мен қысқы бағы бар мұндай ғимарат аймақта алғаш рет салынып отыр.

Айта кетейік, балабақша құрылысы өткен жылы маусым айында кәсіпкерліктің әлеуметтік жауапкершілігі мен мемлекеттік әріптестік шеңберінде облыстық әкімдік пен «Қазцинк»

компаниясының арасындағы өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандум аясында жүзеге асты. Балабақша салу туралы ұсынысты былтыр Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазцинк» ЖШС-і ұжымымен кездесу кезінде айтқан-ды.

Компания басшылығының айтуынша, жоба құрылысын толықтай жүзеге асыруға 1 миллиард 100 миллион теңге көлемінде қаржы жұмсалыпты. Ғимарат құрылысы мен көріктендіру жұмыстарын компания өз мойнына алса, инженерлік-коммуникациялық және жер рәсімдеу секілді шаруаларды атқарушы билік өз жауапкершілігіне алған көрінеді.

Елбасы екі қабатты жаңа балабақшаны аралап көріп, көңілі толып шыққан соң бүлдіршіндердің ата-аналарымен және балабақша қызметкерлерімен кездесті. Мемлекет басшысы өз сөзінде шаһардың шырайланып, көшелердің көріктендіріліп, жолдардың жөнделгенін, қаланың ажарлана түскенін атап өтті.

Сингапур мемлекетінде көшеге тасталған темекі тұқылы үшін 200 АҚШ доллары көлемінде айыппұл төленетінін мысалға келтіре сөйлеген Президент өңірдегі және облыс орталығындағы бүгінгі күні қалыптасып отырған осы сұлулықты, осы тазалықты сақтай білуіміз қажет деді.

Нұрсұлтан Назарбаев облыс пен облыс орталығына жасап жатқан игілікті жұмыстары үшін «Қазцинк» басшылығына алғыс айтты.

«Балапан» балабақшасы – мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Балапан» бағдарламасының жүзеге асуының Шығыс Қазақстандағы алғашқы нақты көрінісі деуге болады. Соңғы екі жылда шығысқазақстандық бүлдіршіндерге арнап қосымша 9 балабақша мен 227 шағын орталық есігін айқара ашыпты. Алла сәтін салса, биыл өңірде 920 бүлдіршінге тәрбие беретін 4 балабақша пайдалануға беріледі деп жоспарланып отыр.

(Соңы 2-бетте)